1 МАМЫР - ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ

ҚОҒАМ

ҰЛТТЫҚ ЖОБА АЯСЫНДАҒЫ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ РЕФОРМАЛАР ҚАРАЛДЫ

2-бетте

АЙМАҚ

КӨКТЕМГІ ЕГІС ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫНДЫ

3-бетте

АҚПАРАТ

БІР ШАҢЫРАҚ АСТЫНДА

4-бетте

SALYQ TÁRTIBI

Газет 1994 жылғы наурыздан шығады

www.salyq-gazet.kz | РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ | saltar61@mail.ru | №50 (1909) 1 мамыр 2025 жыл

ПРЕЗИДЕНТ

«БӘЙТЕРЕК» ХОЛДИНГІНІҢ 2024 ЖЫЛҒЫ НӘТИЖЕЛЕРІ МЕН АЛДАҒЫ ДАМУ ЖОСПАРЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Президент «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ басқарма төрағасы Рустам Қарағойшинді қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа холдингтің былтыр атқарған жұмысы туралы есеп беріліп, биылғы жоспары таныстырылды.

Басқарма төрағасының айтуынша, өткен жылы холдинг тарапынан 6 триллион теңгеге жуық қолдау көрсетілген. Оның 4,1 триллион теңгесі ірі, орта және шағын бизнеске, ал 1,9 триллион теңгесі тұрғын үй-құрылыс секторына бағытталған.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа былтыр холдингтің активтері 14,1 триллион теңгеге жеткені жөнінде баяндалды. Инвестициялық және несие портфелі 10,3 триллион теңгеге дейін ұлғайып, таза табыс 416 миллиард теңгені құрады. Рустам Қарағойшиннің айтуынша, бұл қаржыны холдингтің компаниялар тобы аясындағы бағдарламаларды іске асыруға жұмсау жоспарланып отыр.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» базасында екі кепілдік қоры іске қосылғаны туралы мәлімет берілді. Оның бірі шағын және орта бизнесті қолдауға арналған, ал екіншісі құны 7 миллиард теңгеден асатын ірі жобаларды қаржыландыруды көздейді.

Бұдан бөлек, Президентке тікелей инвестиция тарту бойынша бірқатар бастама, соның ішінде шетелдік серіктестермен бірлескен қорлар арқылы ауыл шаруашылығы, өңдеу және таукен металлургиясы салаларында жобалар жүзеге асырылатыны жөнінде мәлімет берілді. Аталған қорлар «Астана» халықаралық қаржы орталығының юрисдикциясында құрылады.

Мемлекет басшысы еліміздің орнықты экономикалық дамуы үшін ұсынылып отырған бастамаларды орындаудың маңызын атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Бәйтерек» холдингіне екінші деңгейлі банктермен бірлесіп, экономиканың нақты секторын қаржыландыруды, Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту ұлттық жобасын іске асыруға қаржы тарту мәселесін шешуді тапсырды. Президент алға қойылған жоспарларды тиімді іске асыру қажет екеніне баса назар аударды.

AKORDA.KZ.

ІЗГІ ТІЛЕК

МЕРЕКЕЛЕРІҢІЗБЕН ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАНДАР!

Сіздерді 1 Мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл – бейбіт өмір мен татулықты, ынтымақ пен келісімді ту еткен еліміз үшін ерекше маңызы бар мереке. Көне тарихтың қойнауынан бастау алған бауырластық пен береке ұғымы – бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның табысты дамуының берік негізі. Әртүрлі ұлт өкілдерінің бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүруі – біздің қоғамымыздың басты байлығы.

Осынау айтулы мерекеде баршаңызға зор денсаулық, отбасыңызға амандық, бірлігі жарасқан баянды өмір тілейміз!

Еліміз аман, жұртымыз тыныш, бірлігіміз бекем болсын!

ҚҰРМЕТПЕН, РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «SALYQ TÁRTIBI» ГАЗЕТІНІҢ РЕДАКЦИЯСЫ.

БІРЛІК

ЫНТЫМАҒЫ ЖАРАСҚАН ТУҒАН ӨЛКЕМ – ҚАЗАҚСТАН

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне орай Меркі ауданында достық пен татулықты дәріптейтін тәрбиелік мәні зор іс-шара ұйымдастырылды. Мұхтар Әуезов атындағы орта мектепте өткен «Ынтымағы жарасқан туған өлкем–Қазақстан» атты кездесу көпэтносты қоғамдағы өзара сыйластық пен бірліктің маңызын жастарға ұғындыруды көздеді.

Шараға мектептің 9–10 сынып оқушылары мен ауданымызда өмір сүріп жатқан әртүрлі этностардың өкілдері қатысты. Іс-шараны ұйымдастырудағы басты мақсат – жас буынды толеранттылыққа, этносаралық түсіністікке баулып, еліміздегі ұлтаралық келісім мен ынтымақты құндылық ретінде ұлықтау.

Кездесуге Меркі ауданында жұмыс істейтін этно-мәдени бірлестіктердің жетекшілері арнайы шақырылды. Олардың қатарында «Хазар» әзербайжан этно-мәдени орталығының төрағасы Гюльага Жамалов, «Ахыска» түрік бірлестігінің төрағасы Яша Азизов, славян этно-мәдени бірлестігінің жетекшісі Андрей Кулаков және облыстық қоғамдық келісім мекемесінің Меркі ауданындағы маманы Мақсат Тілеубаев болды.

Кеш барысында оқушылар ұлттық бірлікті дәріптейтін патриоттық әндер орындап, түрлі этностардың мәдени болмысын танытатын сахналық қойылымдар көрсетті. Шараға қатысқан қонақтар жастардың өнеріне жоғары баға беріп, бейбітшілік пен келісім – Қазақстанның тұрақты дамуының негізі екенін ерекше атап өтті.

Қазақстан – этностардың татулығы мен өзара сыйластығына негізделген мемлекет. Меркі ауданы да – осы ынтымақтың жарқын үлгісін көрсетіп келе жатқан өңір. Мұнда ондаған ұлт өкілдері бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына бірлесіп үлес қосып келеді.

Мұндай кездесулердің тәрбиелік маңызы зор. Жастар көпэтносты қоғамда өмір сүріп жатқанын сезіне отырып, әрбір ұлттың салт-дәстүрі мен мәдениетіне құрметпен қараудың маңызын терең түсінеді. Бұл – ел ішіндегі тұрақтылық пен қоғамдық келісімнің нығаюына ықпал ететін маңызды қадам.

Иә, бірлік пен келісім – мемлекеттің болашағын айқындайтын басты құндылықтар. Меркі ауданында өткен осындай тағылымды іс-шаралар арқылы өскелең ұрпақтың бойына елге деген сүйіспеншілік, бейбітшілікке ұмтылыс және адамгершілік қасиеттер қалыптасып келеді.

Н. ҒАЛЫМ.
Жамбыл облысы.

МӘЖІЛІС

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНДА ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ БАЙҚАЛАДЫ

Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеевтің төрағалығымен өткен кеңейтілген әкімдік мәжілісінде 2025 жылдың I тоқсанындағы өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері мен бюджеттің орындалу барысы жан-жақты қаралды.

Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Сандуғаш Абдралиеваның хабарлауынша, барлық салада оң динамика байқалады.

Өңірдің экономикалық өсімі 14,5 пайызды құрады. Бұл өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, құрылыс, тұрғын үй, сауда, көлік, байланыс салаларындағы өсім есебінен қамтамасыз етілді.

Өнеркәсіп саласында 289,1 миллиард теңгенің өнімі өндірілді.

38,1 миллиард теңге ауыл шаруашылығы өнімі нарыққа шығарылды.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының 94,4 пайызы егілді.

Мал шаруашылығының өнімі 38 миллиард теңгені құрады.

Негізгі капиталға 120,5 миллиард теңге инвестиция тартылды, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 37,1 пайызға артық.

38,1 миллиард теңгеге құрылыс жұмыстары атқарылды.

147,9 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Қазіргі уақытта 2515 пәтерлі 52 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы жүруде.

Сауда айналымы 200,8 миллиард теңгеге жетті. Оның ішінде бөлшек сауда 31,6 пайызға, көтерме сауда 2,8 пайызға артты.

Дегенмен, Байзақ, Жамбыл, Талас, Т.Рысқұлов, Мойынқұм, Шу, Қордай аудандарында өнеркәсіп өндірісінің, ауыл шаруашылығы, инвестиция, құрылыс, тұрғын үй, бөлшек сауда көлемі төмен деңгейде қалыптасып отыр.

– Мемлекет басшысы жүктеген міндеттер мен Үкіметтің тапсырмалары мүлтіксіз орындалуы тиіс. Басты мақсат – халықтың әл-ауқатын арттыру, жоспарларды сапалы орындау.

Мемлекеттік бағдарламаларды тиімді пайдалану арқылы мәселелерді жүйелі шешіп, алдағы міндеттерге қол жеткізудің тура жолын білу керек, – деген облыс әкімі берілген тапсырмалар ойдағыдай орындалмаса, нақты шешімдер қабылданатынын жауаптылардың есіне салды.

Сонымен бірге, экономикаға инвестиция тарту – аса маңызды мәселе екенін алға тартып, бұған дейін іске қосылған инвестициялық жобалардың жай-күйіне жіті көңіл бөлудің маңыздылығын атап өтті.

– Өңірге жауапкершілігі жоғары инвесторларды тартудың жаңа тетіктерін қарастыру қажет. Инвесторларды қолдау мақсатында арнайы орталық ашылып, қызметтер «бір терезе» қағидаты бойынша көрсетілуде. Ең бастысы, инвестиция тарту ісінде артық бюрократиядан арылып, жүйелі жұмыс істеу керек. Бұл – нақты тапсырма, ортақ талап, – деді Ербол Қарашөкеев.

Бұдан бөлек, агроөнеркәсіп кешенінің әлеуетін күшейтіп, өсіруге тиімді, шығына аз әрі пайдасы жоғары дақылдардың көлемін ұлғайтуды және егістік алқаптарына су үнемдеу технологияларын кеңінен енгізуді тапсырды.

– Медицина – қателік пен салғырттықты кешірмейді, – деген аймақ басшысы көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру, ана мен бала өлімі көрсеткіштерін төмендету және алдын алу бойынша жүйелі шаралар қабылдауды қатаң түрде ескертті.

Мәжілісте құқық қорғау және қоғамдық қауіпсіздік мәселесіне де басымдық берілді.

Ербол Қарашөкеев қылмыс пен жолкөлік оқиғаларының саны өскенін, құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары тиімді жүргізілмей отырғанын баса айтты. Жасөспірімдер арасындағы қылмыс көрсеткішінің артқанына байланысты облыс басшысы Байзақ, Сарысу, Мойынқұм ауданы әкімдерінің салаға жауапты орынбасарларының тәртіптік жауапкершілігін қарастыруды міндеттеді.

Басқосуда бірқатар басқарма басшылары, сондай-ақ аудан әкімдері есеп берді.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ҮКІМЕТ

ҰЛТТЫҚ ЖОБА АЯСЫНДАҒЫ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ РЕФОРМАЛАР ҚАРАЛДЫ

Премьер-министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев осы жылдың I тоқсанының қорытындысы бойынша «Жол картасының» аясындағы іс-шараларды іске асыру жөніндегі «Жобалық офис» отырысын өткізді.

Бүгінгі таңда Ұлттық жобаны жүзеге асыруға бағытталған заңнамалық түзетулер Мәжілісте қаралуда. Отырыс қатысушылары норма шығармашылық қызмет пен оның ішінде табиғи монополиялар субъектілерінің (ТМС) займдары бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің бір бөлігін субсидиялау қағидалары жобасын әзірлеу барысы туралы есеп берді.

Сонымен қатар, өткен тоқсанда қаржылық оператор ретінде «Бәйтерек»ҰБХ» АҚ-ның қызмет регламенті әзірленді, салалар мен өңірлер бөлінісінде желілердің тозуын төмендету бойынша талдау жүргізілді. Биылғы жылдан бастап Ұлттық жобаға қатысатын өңірлердегі пилоттық ТМС тізімі анықталды: электрмен жабдықтау саласында – 18, жылумен жабдықтау саласында–19, сумен жабдықтау бойынша – 24, су бұру бойынша – 26 кәсіпорын.

Мердігерді ЕРС-келісімшарт арқылы іріктеу механизмдері, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу нормалары талқыланды. Конкурстық рәсімдер жүргізілетін бірыңғай электрондық платформа әзірленуде.

Бұдан бөлек, Ұлттық жоба «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның 19 жобасын қамтиды.

Отырыс қорытындысы бойынша Қанат Бозымбаев бірқатар мемлекеттік органдарға бюрократиялық рәсімдерді қысқартуды және осы жылдың жазында пилоттық жобаларды іске қосу үшін тапсырмаларды орындау қарқынын арттыруды тапсырды.

ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ҚҰҚЫҚ ТӘРТІБІ

КҮШ ҚҰРЫЛЫМДАРЫ САПҚА ТҰРДЫ

Тараз қаласының орталық алаңында қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Жамбыл облысы бойынша күш құрылымдарының гарнизондық жиыны өтті. Салтанатты шараны облыстық Полиция департаментінің бастығы, полиция полковнигі Бақытжан Малыбаев ашып, тәртіп сақшыларына жүктелген міндеттердің маңыздылығына тоқталды.

Гарнизондық сапқа Полиция департаментінің жеке құрамымен қатар, жергілікті атқарушы билік өкілдері, ішкі істер саласының ардагерлері, еріктілер мен қоғам белсенділері, сондай-ақ жекеменшік күзет ұйымдарының қызметкерлері де тартылды. Бұл – қалада тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісіне қоғамның әртүрлі өкілдері бірлесе атсалысып жатқанын көрсетті.

Жиын барысында Бақытжан Малыбаев полиция қызметінің басты бағыты – азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, қоғамдық тәртіпті сақтау екенін атап өтті. Ол әр қызметкерден кәсіби дайындықпен қатар, адамгершілік қасиет – сыпайылық пен сабырлықты талап етті.

– Полиция халықпен бірге жұмыс істеуі керек. Қоғамдық сенім – біздің басты тірегіміз, – деді департамент басшысы.

Жиын аясында саптық тәртіп пен нысанды киім үлгісі, қызметтік автокөліктердің техникалық жарақтандырылуы тексерілді. Арнайы құрал-жабдықтар мен жеке қорғаныс құралдарының дайындығы да назардан тыс қалған жоқ.

Құқықбұзушылықтың алдын алу және қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша нақты тапсырмалар жүктеліп, облыстағы жедел жағдайға байланысты бағыттамалар ұсынылды. Бұл – өңірдегі қауіпсіздікті күшейтуді көздейтін жүйелі жұмыстың бір бөлігі.

Іс-шара соңында гарнизон қызметкерлері әскери оркестрдің сүйемелдеуімен саптық марш жасап, қоғамдық тәртіпті күзетуге ресми түрде кірісті.

Н. ҒАЛЫМ.
Тараз қаласы.

ҚАЙТАРЫЛҒАН КАПИТАЛ – ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ

ӨНЕР МЕКТЕБІНІҢ ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНДЫ

Ордабасы ауданына қарасты Темірлан ауылында ерекше мәнге ие игі бастама жүзеге асырылды. Мұнда жаңа музыкалық өнер мектебінің іргетасы қаланып, болашақ ұрпаққа арналған уақыт капсуласы салынды. Салтанатты рәсімге Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров, ҚР Бас прокуратурасы жанындағы Активтерді қайтару комитетінің төрағасы Нұрдәулет Сүйіндіков, облыс прокуроры Мұрат Тілеубердиев және ауыл ақсақалдары қатысты.

Жаңа мектеп құрылысы – Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен заңсыз иемделген активтерді мемлекетке қайтару аясында қолға алынған алғашқы әлеуметтік жобалардың бірі. Үкіметтің шешімімен бұл қаражат халықтың игілігіне бағытталып, елді мекендердегі инфрақұрылымды жақсартуға жұмсалуда.

Салтанатты жиында сөз сөйлеген спикерлер құрылыс жұмыстарының басталуымен ауыл тұрғындарын құттықтап, бұл жоба–активтерді қайтару жұмыстарының нақты жемісі екенін атап өтті. Жергілікті ақсақал бата беріп, рәсімге қатысушылар болашақ ұрпаққа арнап, уақыт капсуласын салды. Бұл символикалық әрекет – білім мен өнерге берілген құрметтің белгісі.

Айта кету керек, бұған дейін ауылда 1974 жылы салынған, бүгінде апатты жағдайда тұрған ескі музыкалық мектеп жұмыс істеп келген болатын. Жаңа мектептің жобалық құны – 890 миллион теңге. Ол бір уақытта 300 оқушыны қабылдай алады және көршілес ауылдардың өнерге бейім жеткіншектеріне де есігін айқара ашпақ.

Бүгінгі күнге дейін мемлекет пайдасына жалпы сомасы 610 миллиард теңгеден астам актив қайтарылды. Оның ішінде 506 миллиард теңгесі – ақшалай қаражат, 103 миллиард теңге – мүлік түрінде. Бұл қаражаттың бір бөлігі білім беру, денсаулық сақтау, спорт және коммуналдық инфрақұрылым салаларына бағытталған.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, арнайы құрылған мемлекеттік қор 280-ге жуық әлеуметтік нысанның құрылысын қаржыландыруда. Бұл – елді мекендерді дамытудың кешенді стратегиясының нақты көрінісі.

«Заңсыз иемделген активтерді мемлекетке қайтару туралы» Заңның аясында жүргізіліп жатқан жұмыс – әділеттілік қағидатын орнату мен «Заң мен Тәртіп» идеясын іс жүзінде жүзеге асырудың айқын көрінісі.

Халықтың болашағына бағытталған осындай бастамалар алдағы уақытта да жалғасын табады.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ҚОҒАМ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК

ТӘРТІП ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК – КЕМЕЛ ҚОҒАМ КЕПІЛІ

Таразда қоғамдағы тәртіп пен жауапкершілік тақырыбына арналған тағылымды шара өтті. «Баласағұн» орталық концерт залында ұйымдастырылған бұл жиынға еліміздің белгілі өнер қайраткерлері, ішкі істер органдарының өкілдері, қоғам белсенділері мен жастар қатысты.

Іс-шара көрерменді бей-жай қалдырмайтын театрландырылған қойылыммен басталды. Сахналық көрініс қоғамдағы тәртіпсіздік пен немқұрайлылықтың зардабын тереңінен бейнеледі. Бұл көрініс арқылы көрермендерге әр адамның өз әрекетіне жауапты екені, заң мен тәртіпті сақтау – тек полицияның емес, барша азаматтың міндеті екені ұғынықты түрде жеткізілді.

Жиын барысында Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев сөз сөйлеп, елімізде «Заң мен тәртіп» қағидатын орнықтыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатқанын атап өтті.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, заң мен тәртіп – демократиялық қоғамның іргетасы, әділет пен дамудың кепілі. Бұл қағидатты әр азамат

өз өмірлік ұстанымына айналдыруы тиіс. Жастар тәрбиесі – ел болашағының негізі. Сол себепті, бүкіл қоғам болып ұрпақ тәрбиесіне атсалысуымыз қажет. Бауыржан Момышұлының «Тәртіпке бағынған құл болмайды» деген сөзі – бүгінгі қоғам үшін де өзекті, – деді өңір басшысы.

Шара барысында Жамбыл облысы Полиция департаментінің бастығы Бақытжан Малыбаев пен ақын, жазушы Абай Қалшабек сөз сөйлеп, тәртіп пен тәрбиенің қоғамдағы орнына ерекше тоқталды.

– Тараз – ортақ шаңырағымыз. Қаланың қауіпсіздігі мен жайлылығы – әрбір тұрғынның жауапкершілігіне байланысты. Заң мен тәртіп – тұрақты даму мен бейбіт өмірдің кепілі. Оны сақтау – баршамызға ортақ парыз, – деді Бақытжан Малыбаев.

Кеш соңында арнайы жасақ қызметкерлері мен өнер иелері сахналық көріністер қойып, көрерменнің зор қошеметіне ие болды. ҚР «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері Ибрагим Ескендір орындаған патриоттық ән жастардың рухын көтеріп, кешке ерекше серпін берді.

Мұндай тағылымды іс-шаралар ел ішінде заң мен тәртіп мәдениетін қалыптастыруға және азаматтық жауапкершілікті арттыруға бағытталған маңызды қадам екені сөзсіз.

Г. ЖҰМАҒАЛИ.
Тараз қаласы.

ИНВЕСТИЦИЯ

ЭКОНОМИКАНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжановтың төрағалығымен өткен жиында Аршалы ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуы және болашақ перспективалары талқыланды. Жиынға мердігер ұйымдардың өкілдері, қоғам белсенділері, депутаттар мен облыстық басқарма басшылары қатысты.

– Біз мұнда ресми есептер тыңдау үшін емес, аудан экономикасының қазіргі жағдайын саралап, оның тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін қандай қадам жасау қажеттігін талқылау мақсатында жиналдық. Аршалы ауданы өңірімізде ерекше орын алады. Астананың іргесінде орналасуы ауданға қосымша мүмкіндіктермен қатар, жоғары талаптар да жүктейді. Әсіресе, инвестиция тарту мәселесіне баса мән беру қажет. Өйткені, инвестиция – ауданның дамуының негізгі тетігі. Бұл – жаңа өндірістер мен жұмыс орындарының ашылуына, салықтық түсімдердің артуына жол ашатын маңызды ресурс. Әрбір тартылған теңге – ауданның өркендеуіне және тұрғындарымыздың өмір сүру сапасының артуына қосылған үлес, – деді Марат Ахметжанов.

Аудан экономикасының қазіргі жай-күйі туралы Алмагүл Шүгірмақова баяндама жасады. Оның айтуынша, әлеуметтік-экономикалық дамудың жеті негізгі көрсеткішінің ішінде негізгі капиталға салынған инвестициялар бойынша жоспар орындалмаған. Сондай-ақ ол жүргізілген талдау барысында аудандық есептік мәліметтер мен ресми статистика деректері арасында алшақтықтар анықталғанын атап өтті.

– Облыс бойынша кірістердің оң динамикасына қарамастан, қосымша қаражат көздерін ұлғайтуға мүмкіндік беретін резервтер жеткілікті. Бұл бағытта жұмысты күшейту қажет. Мысалы, басқа өңірлерге көшкен заңды тұлғаларды салықтық есепке қою мәселесі бойынша жұмыстар жүргізілуде, алайда, бұл жағы әзірге нәтижесіз болып отыр, – деді басқарма басшысы.

Инвестиция тарту және ауылшаруашылығын дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармаларының басшылары Бақытжан Сапар мен Нұрбек Бадыраков баяндады.

Жиында, сондай-ақ Аршалы ауданында пайдалы қазбаларды заңсыз өндіру мәселесі қаралды. Бұл бағытта облыс әкімінің орынбасары Ернар Жаркешовтың жетекшілігімен жұмыс тобы құрылған. Оның негізгі мақсаты – заңсыз әрекеттердің алдын алу және анықтау. Биылғы сәуір айында аталған топ Бабатай ауылында заңсыз пайдалы қазбалар өндіру фактілерін анықтап, қазіргі таңда жер қойнауын пайдаланушыларды тіркеу бойынша мониторинг жұмыстарын жалғастыруда.

Жиын қорытындысы бойынша облыс әкімі барлық көтерілген мәселелерді ерекше бақылауға алып, аудан аумағындағы әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысандардың уақытылы пайдалануға берілуін қамтамасыз етуді тапсырды.

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

НАУҚАН

КӨКТЕМГІ ЕГІС ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫНДЫ

Қазақстанда ауылшаруашылығы дақылдары егілген жалпы алаң 908,5 мың гектарға жетті. Қазіргі таңда егіс жұмыстары әсіресе, елдің оңтүстік өңірлерінде қарқынды жүргізілуде. Алматы облысында — 123 мың гектар, Түркістан облысында — 263,5 мың гектар, Жамбыл облысында — 295,5 мың гектар, Қызылорда облысында — 33,4 мың гектар, Батыс Қазақстан облысында — 30,1 мың гектар, Атырау облысында — 2,7 мың гектар, Жетісу облысында — 142,2 мың гектар, ал Шымкент қаласында — 15,7 мың гектар жерге егін егілді.

Дәнді дақылдар 459,4 мың гектарға, мал азықтық дақылдар 159,9 мың гектарға, көкөністер 46,9 мың гектарға, картоп 18,2 мың гектарға, бақша дақылдары 35,3 мың гектарға, майлы дақылдар 114 мың гектарға, ал мақта 43,9 мың гектарға егілді.

Көктемгі дала жұмыстарының маңызды кезеңдері де орындалды: 10,7 миллион гектар жерде ылғал жабылды, 2,5 миллион гектарда себуге дейінгі топырақ өңдеу жүргізілді, 1,1 миллион гектарда көктемгі жырту жұмыстары аяқталды.

Ауылшаруашылығы өндірушілерін қажетті ресурстармен қамтамасыз ету жұмыстары жалғасуда. Биыл тыңайтқыш енгізу жоспары 1,9 миллион тоннаны құрайды. Қазіргі таңда 752,8 мың тонна тыңайтқыш сатып алуға келісімшарттар жасалып, оның 504,9 мың тоннасы жеткізілді. Сонымен қатар, 152,3 мың тонна дизель отыны жөнелтілді.

Тұқым қажеттілігі 2,3 миллион тоннаны құрайды. Оның ішінде 1,6 миллион тоннасы сапа сараптамасынан өтіп, тексерілген тұқымдардың 99 пайызы стандартқа сай деп танылды.

Ауылшаруашылығы маусымы белгіленген жоспарға сәйкес өтіп жатыр. Егіс науқанын сәтті аяқтау үшін барлық қажетті шаралар қабылданған.

ҚР АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ОТАНДЫҚ ӨНІМ

АЛҒАШҚЫ ӨНІМІ РЕСЕЙГЕ ЭКСПОРТТАЛДЫ

Түркістандық диқандар Ресейге қырыққабаттың алғашқы өнімін экспорттады.

Түркістан облысы, Ж.Ералиев ауылдық округінде орналасқан «Орынбай ата» шаруа қожалығының басшысы Нұрлыбек Жайынбаевтың айтуынша, ерте пісетін «Магнус» қырыққабатының тұқымы ақпан айының соңында себілген. Жақында оның алғашқы бөлігі Ресей Федерациясының Пермь қаласына жөнелтілді.

Қожалық иесі жақын күндері пісетін «Зарисма» сортты қырыққабаттың өнімін күтуде. Сондай-ақ қожалық иесі «Аэропорт» сортты қауын егуді жоспарлап отыр.

Жалпы, Жетісай ауданында ерте пісетін қырыққабат жалпы 1158 гектар аумаққа егілген, оның 893 гектарында су үнемдеу технологиялары қолданылады. Болжам бойынша, жалпы өнім көлемі 50 мың тоннаға дейін жетуі мүмкін. Өнімнің басым бөлігі Ресей, Беларусь және Еуропа елдеріне экспорттауға бағытталған.

«ST» АҚПАРАТ.

ЕҢБЕК АДАМЫ

КӘСІБІН КЕҢЕЙТПЕК

ҚАЗІРГІ ТАҢДА «КӘСІП АШАМЫН» ДЕГЕН АЗАМАТТАРҒА МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН ҚОЛДАУ ЖОҒАРЫ. ҚАЙТАРЫМСЫЗ ГРАНТТАР – СОНЫҢ БІР АЙҚЫН ДӘЛЕЛІ. БҮГІНГІ МАҚАЛАМЫЗДЫҢ КЕЙІПКЕРІ– МҰХТАР ӘБДІКЕРІМҰЛЫ. ОЛ БҮГІНДЕ КІР САБЫН ЖАСАП, КӘСІБІН ДӨҢГЕЛЕТІП ОТЫРҒАН АЗАМАТ.

Құландық кәсіпкер өткен жылы қайтарымсыз грант ұтып алып, сол қаржыны толықтай құрал-жабдыққа жұмсаған. Дәл қазір ай сайын соммасы 400000 теңге тұратын өнім өндіреді. Оның жартысы шығынға жұмсалса, қалғаны таза пайда. Алдағы уақытта өнім түрін көбейтіп, тіпті, ұнтақ түрінде шығаруды көздеп отыр.

– Былтыр осы кәсіпті бастап гранттың иегері болдым. Бірінші отырыста мен ала алмай қалдым. Себебі, бастапқы тауып көрсеткен станоктарымның бағасы жоғары болды. Екінші отырыста бизнес планды қайтадан өткізіп, сол екі ортада станоктың арзан түрін тауып, грант иегері болдым. Станокты, кесетін аппаратты алдым. Бұл кәсіпті таңдаған себебім– табиғи жолмен жасалады. Ол сұйық май және малдың тоң майынан жасалады. Кір сабынды пайдаланғанда адамның терісін ылғалдандырып тұрады, кептірмейді, аллергия бермейді. Әркім өзінің кәсібін бастап, ары қарай дамытса болады. Болашақта бұл сабынды сертификаттау керек. Сертификатталса, өнімді көбірек шығара аламын. Қазіргі таңда мемлекет тарапынан кәсіпкерлерге көп көмек көрсетіліп жатыр. Ол үшін көп рахмет, – дейді Мұхтар Әбдікерімұлы. «Кәсіп түбі – нәсіп» екенін дәлелдеп жүрген кейіпкеріміз алдағы уақытта өз кәсібін кеңейтіп, өнім түрлерін көбейтуді мақсат етіп отыр.

А. МҰРАТБЕККЫЗЫ.
Жамбыл облысы.

ҚҰНАРЛЫ ТОПЫРАҚ

КҮЗГІ БЕРЕКЕ ҮШІН...

Қазір шаруалар үшін жауапты науқан. Диқандар көктемгі дала жұмыстарына қызу кіріскен. Осыған орай А.И.Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығының мамандары агрометеорологиялық ақпараттар және селекциялық зерттеулердің нәтижелеріне сүйене отырып, тұқым себу науқанын сәтті өткізу үшін ұсыныстар әзірледі. Бұл ұйым өсімдік шаруашылығы бойынша еліміздегі ең ірі ғылыми орталықтардың бірі саналады.

Орталық жұмысының басты мақсаты – еліміздің агроөнеркәсіптік кешенінің ғылыми-технологиялық дамуын қамтамасыз ету. Осы негізде ауылшаруашылығы дақылдарының төзімділігін арттыру, дақылдардың генофондын нығайту, селекция, жаңа агротехнологияларды бейімдеу салалары бойынша зерттеулер жүргізіліп келеді. Қызылжарда тез пісетін, құрғақшылыққа төзімді, өнімділігі жоғары дәнді дақылдардың сұрыптарын шығаруға басымдық берілген. Мұндағы мамандар әлемнің 60 еліндегі өсімдік сұрыптарының генофондын зерттейді. 17 дақыл түрі бойынша селекция жүргізеді. Жоғары сапалы тұқым шығарып, ауылшаруашылығы өнімдеріне сараптама жасайды.

Биыл Солтүстік Қазақстан облысында жауын-шашын мөлшері 70 милиметрге көп болды. Алайда, қардың ерте еруі мен температуралық ауытқулар көктемгі дала жұмыстарының мерзіміне өзгерістер енгізуі мүмкін. Сондықтан да солтүстік, оңтүстік, батыс аудандарды сәуірдің екінші онкүндігіне дейін, орталық, шығыс аудандарда айдың соңына дейін ылғал жабу жұмыстарын аяқтау қажет. Ал, тұқым себу жұмыстары мамырдың бірінші онкүндігінде басталады деп күтіп отырмыз.

Тұқымдық материалды сапалы дайындау – табысты жиын-теріннің кепілі. Ең алдымен тұқымның сапасын анықтап алған дұрыс. Зертханалық талдаудың оң нәтижесін алғаннан кейін ғана егіс жұмыстарына кірісуге болады. Тұқымның шығуын тездету үшін оны күннің астына жайып қояды. Осылайша ылғалдылық азайып, патогендер өледі. Аурулар мен зиянкестерге жол бермеу үшін фунгицидтер мен инсектицидтер қолдану маңызды. Бұл ретте әр дақылдың өзіндік ерекшелігін ескерген жөн.

Ауыспалы егісті сақтау топырақтың құнарын жоғалтпау үшін маңызды рөл атқарады. Солтүстіктің құбылмалы ауа райы жағдайында дәнді-бұршақты, техникалық дақылдарды бұрынғы алқабына 4-5 жыл өткізіп барып қайта сепкен жөн. Өйтпеген жағдайда алқапта патогендер жиналып, топырақ тозады. Мәселен, зығыр, рапс, бұршақ, жасымық патогендерге өте сезімтал келеді. Көпжылдық өсімдіктерді егу, сидерат себу топырақтың құрылымын жақсартып, органикалық заттардың үлесін арттырады, ылғал жоғалтуды азайтады. Бұл ретте майлы, бұршақты дақылдарды егу кезінде алқаптың ылғал қорын, климаттық ахуалын ескермесе болмайды. Жер өңдеуді мейлінше азайтсақ, ылғал молынан сақталып, жел эрозиясының алдын аламыз.

Бұл ретте алдағы егіс науқанының экономикалық жағын да ұмытпау керек. Алқаптардың құрылымы нарықтағы ахуал мен дақылдардың тиімділігін ескере отырып жоспарланады.

Сұрып таңдау да – алдағы науқанның барысын айқындайтын маңызды факторлардың бірі. Құрғақшылық жылдары кеш пісетін, төзімді, тамыры терең орналасатын сұрыптар таңдалады. Ал, ылғалды жылдары ерте пісетін сұрыптардың үлесін арттыруға болады. Жалпы кеш және ерте пісетін бидай сұрыптарына алқаптың 10-40 пайызынан орын берген дұрыс. Пісетін мерзімі орташа бидай алқаптың жартысына егіледі. Ауа райының әсерін азайту үшін вегетация мерзімі әртүрлі сұрыптарды таңдаған тиімді. Ғылыми зерттеулер дұрыс таңдалған сұрыптар ауа райы қолайсыз жылдары да жеткілікті өнім бере алатынын растап отыр.

Биыл көктем ерте келгендіктен арамшөп пен зиянкестер көп болады деп күтілуде. Арамшөп қалыңдап кетпеу үшін ерте көктемде егіс даласын бораналап, гербицидтер себу керек. Сонымен қатар, биыл алқаптарда септориоз, фузариоз сияқты инфекциялар мен актракноз, жасымық аскохитозы, зығыр ризоктониозы сияқты аурулар көбеюі мүмкін. Ылғалдың көптігі, температураның құбылмалығы, тұқымдарды тығыз себу ауру қаупін арттырады. Жайлы қыс, алқаптардағы өсімдік қалдығының көп болуы, энтомофагтық бақылаудың әлсіздігі зиянкестердің көбеюіне әкеліп соқтыруы мүмкін.

Тыңайтқыштарды сауатты қолдану ауылшаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттырады. Ол үшін парға тұқым сепкенде фосфор, парға қалдырылмаған алқапқа азот, азот-фосфорлы тыңайтқыштар енгізеді.

Зерттеушілер ұзақ жылғы тәжірибе мен бақылаудың арқасында өңір үшін тиімді сұрыптарды анықтады. Мысалы, бидайдың «Таймас» сұрпы құрғақшылыққа, қоңыр тат инфекциясына төзімді келеді. Сол сияқты «Шортандинская-95», «Торғай» сұрыптары да жоғары өнімділігімен көзге түсті. Ал, арпа мен сұлының «Астана-2000», «Целинный-2005» сұрыптары гектарынан 46 центнерге дейін өнім бере алады. «Дагус», «Өріс» сияқты бұршақ сұрыптары, жасымықтың «Сакура», «Шырайлы» сұрыптары өңір климатында жақсы нәтиже көрсете алады. Ал, «Рагнар», «Тенгри», «Оририс» деп аталатын рапс түрлері құрғақшылыққа төзімді әрі жоғары өнімділігімен ерекшеленеді. Мал азықтық дақылдар да солтүстікқазақстандық шаруалар үшін басым бағыттардың бірі екені белгілі. Өңірде шөптің «Тан батыр», бидайықтың «Бриз», арпабастың «Фермерлік» сұрыптарының азықтық құнары жоғары. «Ника» судан шөбінен екі рет өнім жинап, гектарынан 252 центнерге дейін азық алуға болады.

Биыл өңір диқандары бірқатар қиындықтарға тап келіп тұрғанын айта кету керек. Қардың ерте еруі топырақтың ерте кеуіп, жаздық дақылдардың шығымын азайтуы ғажап емес. Жауын-шашынның біркелкі болмауы да өнімділікке теріс әсер етеді.

Егіс мерзімін қатаң ұстану, сұрыптарды дұрыс таңдау, фитосанитарияға мән беру, заманауи тыңайтқыштарды пайдалану шаруалардың шығынын азайтып, табысын арттырады.

Т. САВИН,
А.И.Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығының басқарма төрағасы.
Солтүстік Қазақстан облысы.

ТАМШЫЛАТЫП СУАРУ

ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРДІ ОҢТАЙЛАНДЫРАДЫ

Тамшылатып суару жүйесі суды үнемді пайдалануға мүмкіндік береді әрі егіннің біркелкі өсуіне оң әсерін тигізіп, өнімділікті арттыруға ықпал етеді. Сондай-ақ ауылшаруашылығындағы экономикалық көрсеткіштерді оңтайландырады.

Өткен жылы Мақтаарал ауданында 2 мың гектар алқапқа тамшылатып суару технологиясы ендіріліп, мол өнімге қол жеткізілді. Атап айтқанда, мақта өнімділігі гектарына 60 центнерге жетіп, бұрынғыдан 2,2 есе көп өнім жиналды.

Облыс әкімінің тапсырмасымен биыл 6 мың гектар алқапқа су үнемдеу технологиясын ендіру жоспарланып отыр. Бұған мемлекет тарапынан да қолдаулар бар. Қазірдің өзінде 89 шаруа қожалығы 4895 гектар алқапқа жаңа технологияны ендірмек ниетте. Диқандар бүгінге дейін 904,9 гектар жер үшін мемлекет тарапынан берілетін субсидия алуға құжаттарын өткізген. Сонымен қатар, жыл басынан бері 520 гектар бақшалық алқаптарға су үнемдеу технологиясы енгізілген. Енді 118 гектар мақта және 35 гектар күріштік алқаптарға жаңа технологияны енгізу жұмыстары басталды.

«Әрине, тамшылатып суару технологиясын енгізу барысында белгілі бір қиындықтар мен шығындар болады. Мысалы, технологияны бастапқы орнату құны жоғары болуы мүмкін. Сондықтан шаруалар жаңа технологияға бейімделу үшін арнайы білім мен дағдыларды үйренулері қажет. Мемлекет тамшылатып суару технологиясын іске асырған шаруаларға кеткен шығынның 80 пайызын субсидиялауды қолға алды. Сонымен қатар, жаңа технологияны үйрету мақсатында семинарлар өткізіп, қажет болса тәжірибелі шаруалардан үйренуге көмектесеміз» деді аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы Баязит Әлімқұл. Ол сондай-ақ тамшылатып суару технологиясының пайдалы тұстары мен оған кететін шығын көлемдері туралы мол мәлімет берді.

Айта кетейік, ауданда 6029 гектар суармалы жер 8819 шаруа қожалығына тиесілі. Қазіргі таңда егістік алқаптардың сорлануы белең алғаны да жасырын емес. Мақтадан алатын өнім көлемі де көңіл көншітпейді. Бұдан бөлек, оның бағасы кеткен шығынды ақтай бермейді. Сондықтан шаруалар жаңа технологияны ендіруді шұғыл түрде қолға алып, мемлекеттің көмегін тиімді пайдаланғандары жөн.

С. ҚАЛДЫБАЕВ.
Түркістан облысы.

ДІН – ДІҢГЕК

ИСЛАМ ІЛІМІ – ТҰЛҒА ҚҰҚЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН БІЛІМ ЖҮЙЕСІ



Ислам – барлық діндерге құрметпен қарайтын дін. Әсіресе, яһуди, христиан дініндегілерге аса ілтипат көрсетіп, оларды «Кітап иелері» деп атайды. Осы диалог көп уақыттан бері Исламның дінаралық келісім жағында екенін білдіріп, достық, ынтымақ, бірлік жолында қызмет атқарып келеді. Бейбітшілік, татулық, қарым-қатынас пен көркем достық, жақсылық пен өзара жәрдемдесу секілді игілікті істердің барлығы да Ислам діні насихатының негізі. Өйткені, Ислам – иман құндылығын бағалайтын күллі адамзатқа арналған дін. Сондықтан Ислам дінінің өз ұстанымы, көзқарасы, менталитеті, ерекшелігі бар.

Біріншіден, мұсылман өзге дін өкілдерін, тіпті діннсізді де «кәпірсің» деп ренжітпейді. Алайда, оның күпірлігіне разы да болмайды. Дінімізде күпір іске разы болу күпірлік саналады. Екіншіден, мұсылман емес адам Алланы ызаландыратын амал жасаса, мұсылман оған ашуланады, ашу, ызамен қарайды.

Дегенмен, мұсылмандарда жақсы көру немесе ашулану сезімі тек Алла үшін ғана болуы тиіс. Хазіреті Әли (р.а.) бірде бір кәпірді жерге құлатып салады. Кәпір құлап бара жатып Әлидің бетіне түкіріп жібереді. Қылышымен оны турап тастағалы тұрған Әли (р.а.) бірден райынан қайтып, кәпірді өлтірмеді. Соңынан әлгі кәпір Әлиге арнайы келіп: «Жаным қиналмай тез шықсын деп мен сенің бетіңе түкірген едім. Ал, сен мені өлтіруден бас тарттың. Соның себебін сұрай келдім», – дейді. Сонда Әли (р.а.): «Мен саған Алла үшін ашуланып тұрған едім. Кенет бетіме түкірген кезде ашуым Алла үшін емес, өзімнің нәпсім үшін бола қалды. Сондықтан өзім үшін ашуланып соққы беру күнә болады деп райымнан қайттым», – деген екен.

Міне, осы оқиғадан кейін әлгі кәпір боп жүрген кісі Ислам дінін қабылдаған екен. Үшіншіден, Ислам діні олармен, яғни өзге дін өкілімен мәмілеміз дұрыс, маңызды болуын, қарым қатынасымыз ынсапты, әділ, тура болғанын қалайды. Егер арамызда соғыс болып жатпаса, сыйлық жасап, қарым-қатынасты нығайта беру керек деп ескертеді. Құранда: «Алла Тағала сендермен дін жайында соғыспаған және жұрттарыңнан шығармағандарға жақсылық жасауға, әділ болуларына тыйым салмайды. Расында, Алла Тағала әділдікті жақсы көреді» («Мұмтахина» сүресі, 8-аят) дейді. Төртіншіден, мұсылман өзге дін өкіліне толық сеніп, сүйеніп те қалмайды. Құранда: «Аллаға және ақырет күніне иман келтірген бір елдің – Аллаға, оның елшісіне қарсы келгендерді дос санайтынын көрмейсің...» («Мужадәлә» сүресі, 22-аят) деген.

Демек, Ислам өзге діндегілермен жақсы қарым-қатынаста болуды құптағанымен, олардан сақ болуды да ескертеді. Мұсылман мұсылманмен дос болғанындай, кәпір мен мұсылман арасында ондай деңгейде қарым-қатынас болмайды. Бесіншіден, «Кітап иелері» дайындаған тағамдарды жеуге болады (әрине, дінімізде халал саналған болса), сыйлықтары қабылданады. Құранда: «...Кітап иелерінің дайындаған тағамы, (бауыздағаны да) халал етілді» («Мәида» сүресі, 5-аят) делінген.

Бірде Мәдина қаласында бір яһуди Пайғамбарымызды (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) үйіне тамаққа шақырғаны айтылады. Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) оның шақыруын қабыл етіп, үйіне қонаққа барады. Алдына әкелген тағамнан дәм ауыз тиеді. Алтыншыдан, мұсылман әйелдің кәпірге күйеуге шығуына рұқсат жоқ. Яғни, мұсылман емес жанға қыздарымызды некелеп бермейміз. Ондай некеге Ислам діні түбегейлі қатаң тыйым салады. Ал, мұсылман қызға үйлену үшін ислам дініне кіру керек.

Қасиетті Құранда: «(Мұсылман) әйелдің, оларға (кәпірлер ер кісіге некесі) халал емес, олар (кәпір ер кісінің) бұларға (мұсылман әйелдерге некесі) халал емес» («Мұмтахина» сүресі, 10 аят), – дейді. Ал, мұсылман ер кісілерге кәпірлердің ішінде тек кітап иелерінің қыздарын некелеп алуға болады. Бұл туралы Құранның «Мәида» сүресінің 5-аятында: «Мүміндерден абыройлы әйелдермен және сендерден бұрын кітап берілгендерден (христиан, яһуди) де абыройлы әйелдермен мәһірлерін беріп, бой суытушы, астыртын көңілдес болмай үйленулерің халал етілді», – деп келеді.

Ислам дінінің тұжырымы бойынша дінаралық үн қатысу – Алла Тағаланың әмірі, Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сүннеті. Сүйікті пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қай кезде де Құранның әміріне бойұсынып, кітап иелерімен тығыз байланыста болып, үнемі үн қатысып отырды. Оның христиандармен диалогы алғаш рет өзіне Жаратушыдан уахи келген сәттен-ақ басталған болатын. Өйткені, Мұхаммедтің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбарлығын алғашқы болып растаған Уарақа ибн Науфал деген христиан ғұламасы еді. Ол – Мұхаммедке Мұса мен Иса пайғамбарларға (ғ.с.) Жәбірейіл періште арқылы Алла Тағаланың уахи хабары түскені секілді уахидің келе бастағанын түсінген алғашқы адам. Меккеде алғашқы мұсылмандарды мүшріктер өз елінен қуып, үйінен көшіріп жіберіп, қатты жәбір көрсеткенде – қиналған мұсылмандарды Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) кітап иелері христиандардың елі Эфиопияға шығарып салды. Пайғамбарымыз оларға: «Эфиопияға қоныс аударыңдар. Өйткені, сол елді басқарған патша туралы жақсы ойдамын. Оның құдайы мен біздің құдайымыз бір ғана Алла. Біздің дініміз бен оның дінінің ортақ сенімдері көп. Ол патшаның жерінде ешкім сендерге зұлымдық көрсетпес. Ол жер дұрыс және сенімді өлке.

Алла елде жеңілдік бергенге дейін сол жерде қалыңдар», – деп бұйырды. Тіпті, сол христиан патшасынан көмек сұрап хат та жаздырып жіберді. Уақыты келіп, Пайғамбарымыз Хабашстаннан Мәдинаға келген христиандарды өзінің үйіне қонаққа шақырады.

«Бұлар кезінде Эфиопияға паналап барған мұсылмандарды құрмет тұтқан. Сондықтан бұлар біздің үйде қонақ болады» деп оларды өз үйінде қонақ етіп, құрмет көрсеткен. Мәдинаға көшіп келгеннен кейін де Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) христиандармен диалогы арта түскен. Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) христиан мемлекеттері болып тұрған Мысыр патшасы және Рим императорына хат жазып, ортақ тіл табысуға шақырды. Сонымен қатар, христиан дінбасыларына да хат жолдап, ақиқат дін Исламға шақырды.

Бұлардың ішінде ең назар аударарлық диалог Хақ елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) нажрандық христиандармен үнқатысуы еді. Ислам барша адамзатқа әділдікті үлгі, зұлымдықты харам етеді. Өзара жәрдем беру, мейірімді де рахымды, бауырмашыл болу – оның ұлық тәлімдерінен. Ислам діні ақыл мен парасатты жоғары қоя отырып, өзгенің де ой-пікіріне құрметпен қарайды. Адамды бір ғана сенімге арқандап, оған қатаң көзқарастарды таңбайды, оған ешкімді мәжбүрлемейді. Құран Кәрімде: «Дінде зорлық жоқ» («Бақара» сүресі, 256-аят) делінген. Бұл – дініміздің ұстанымы, адамзатқа көрсеткен жолы, Алла Тағаланың нығметін қадірлеу, салиқалы мақсат қоюына көмектесу деп бағамдаймыз.

Иеміз әлемдегі барлық іс-шаралардың ақ қарасын ажыратып бергеннен кейін адам баласының қай жолды таңдауын өз еркіне салады. Әрине, Алла Тағаланың барша адамзаттың бір ғана сенім-нанымына ұйытып қоюына құдіреті жетеді. Бірақ, Ол адамзатқа өзі жаратқан басқа мақұлықтарына бермеген ақыл ой, сана бостандығын бергендіктен, үлкен сеніммен еркіне жібереді. Бұл тұрғыда Алла Тағала: «Сен адамдарды мұсылман болуға күштеп көндіремін деп ойлайсың ба? Жоқ, жер бетіндегі адамдар тек Алла Тағаланың бұйрығы болса ғана түгел мұсылман болады» («Юнус» сүресі, 99-аят) дейді.

Бұдан шығатын қорытынды – Исламды жаппай қабылдау тек бір Алланың қалауында. Жаратушымыз адам баласын жалпы қай дінде болсын, өзара мәмілемен бейбіт өмір сүруге міндеттейді. Дін – саналы адамдарды, өз еркі және қалауымен қайырлы, игі істерге жетелейтін құдіретті күшті Жаратушының заңы. Дін – тәрбие, бақытқа жетелейтін, Иман мен Хақ заңдарын қамтитын тура жол. Дін – сүйіспеншілік, құрмет. Дін – сенім, ғибадат, дұға. Дін – адамзат, отбасы, қоғамды дамытып, үйлестіруші күш. Асыл дініміздің ұлағатты да тәрбиелі қағидаларынан дінаралық татулық пен үйлесімнің адамзат атаулының алдында киелі борыш екенін ескерсек, сол киелі борышымызды әр саналы азамат тиесілі дәрежеде атқарса, қоғамымыздың тыныш та бейбіт ғұмыр кешетініне біздің күмәніміз жоқ.

Олай болса, осы татулық пен ізгілік жолында Ұлы Жаратушымыз біздерге имандылық пен тақуалықты, береке-бірлік пен өркендеуді нәсіп етсін!

Р. АБДЕЛИЕВ,
Жамбыл облысы әкімдігі «Дін проблемаларын зерттеу орталығы» ақпараттық түсіндіру және талдау бөлімінің Жуалы ауданы бойынша инспекторы.

БІРЛІГІ ЖАРАСҚАН

БІР ШАҢЫРАҚ АСТЫНДА

Есіл ауданындағы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында Қазақстан халқы ассамблеясының 30 жылдығы аясында және Бірлік күніне орай «Қазына салт-дәстүрлерді дәріптеу» ұжымы ұйымдастыруымен «Бір шаңырақ астында» атты мерекелік концерт өтті.

«Бүгінгі іс-шараны «Қазына салт-дәстүрлерді дәріптеу» ұжымы ұйымдастырып отыр. Бұл ұжым біздің ұмытылып бара жатқан салт-дәстүрлерімізді көріністер арқылы дәріптеп жүр. Бүгінгі концерттік бағдарламада олар жақсы өнер көрсетті. Бұл ұлттар арасындағы достықты қолдаудың бір ұраны деп білемін. «Асыл мұра» домбыра ансамблінде 30-ға жуық адам бар. Бұл ансамбль республика және облыс аумағында жоғары өнер көрсетіп жүр. Жалпы орталықтағы өнер ұжымдары қаладағы атаулы іс-шараларға белсенді қатысады», – деді Есіл аудандық Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының мәдени іс-шараларды ұйымдастыру маманы Гүлшат Әбубәкірова.

Концерт барасында әжелерден құрылған топ көрермендерге «Астанаға келген ауыл әжелері» көрінісін ұсынды.

«Біздің өнер ұжымы 2023 жылы ақпан айында құрылды. Осы уақытқа дейін түрлі жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болдық. Одан бөлек, аудан орталықтарына барып, сайыстарға қатысып тұрамыз. Біз бесікке салу, қыз ұзату, құда күту сияқты түрлі салт-дәстүрлерімізді насихаттап жүрміз. Жалпы ұжымда 4 ата мен 11 әже бар», – дейді «Қазына салт-дәстүрлерді дәріптеу» ұжымының жетекшісі Зағипа Жаналиева.

«ST» АҚПАРАТ.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ – ТМРК. «ЖАМБЫЛ СУ» МКК-НЫҢ ӨТІНІМІ БОЙЫНША ЖАРИЯ ТЫҢДАУ ӨТКІЗЕДІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаменті **2025 жылғы 29 мамыр күні сағат 11:00-де** Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Желтоқсан көшесі №78, 7 қабат, 720 кабинет «Жамбыл су» МКК–ның сарқынды суларды бұру қызметіне арналған тариф жобасын қарау бойынша жария тыңдау өтетіндігі туралы хабарлайды.

Сонымен қатар, «Жамбыл су» МКК-ның тұтынушылары мен өзге де мүдделі тұлғалар онлайн режимінде де Департаменттің «Facebook» әлеуметтік желісіндегі ресми парақшасында жария тыңдауға қатыса алады.

Сілтеме: (https://www.facebook.com/profile.php?id=100050243313758).

КРЕМ - ЖАМБЫЛСКАЯ ОБЛАСТЬ. О ПРОВЕДЕНИИ ПУБЛИЧНЫХ СЛУШАНИЙ ПО ЗАЯВКЕ ГКП «ЖАМБЫЛ СУ»

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Жамбылской области объявляет о проведении публичных слушаний по рассмотрению заявки проекта тарифа на услуги по отводу сточных вод ГКП «Жамбыл су» который состоится **29 мая 2025 года в 11:00 часов** по адресу: Жамбылская область, город Тараз, ул. Желтоксан №78, 7 этаж, 720 кабинет.

Между тем сообщаем, что потребители ГКП «Жамбыл су» и иные заинтересованные лица могут принять участие на публичных слушаниях также и в онлайн режиме на официальной странице Департамента в социальной сети «Facebook».

Ссылка: (https://www.facebook.com/profile.php?id=100050243313758).

СЫБАЙЛАСТЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

ЖАРҚЫН ЖОЛДЫ ТАНДАЙЫҚ

Әлеуметтік кеселге жататын сыбайлас жемқорлық қоғамның жауы болып табылады. Қазіргі таңда жастардың рухани, мәдени дамуына айтарлықтай зиянын тигізіп отырған індетпен күресті күшейту өте маңызды қадам болып отыр. Себебі, әлеуметтік зерттеулердің негізінде 31 проблеманың ішінде бірінші орында – инфляция, ал екінші орында сыбайлас жемқорлық екені анық.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жемқорлықтың барлық түрімен ымырасыз күрес – мемлекетіміздің одан әрі дамуының басымдығы. Парақорлық, тамыр-таныстық, қоңырау шалу арқылы мәселе шешу және тағы басқа келеңсіздіктер жылдар бойы азаматтардың мемлекеттік институттарға деген сеніміне селкеу түсіргенін білесіздер. Осы орайда халықтың әділдікке деген үміті азая бастады. Сондықтан менің сайлау алдында берген уәделерімнің бірі жемқорлықты түбірімен жойғанша ымырасыз күрес жүргізу болды» дей келе, осы індетке қарсы күресті күшейтуді тапсырған болатын.

Елге адал болып, мінсіз қызмет ету– әрқайсымыздың міндетіміз. Сондықтан да халықтың сеніміне селкеу түсіретін жемқорлықтың салдарын жойып, індетпен бірігіп күрессек, өсіп келе жатқан ұрпағымыздың болашағы жарқын боларына күмән жоқ.

Қай саланы алып қарасақ та, барлығында жемқорлықтың іздері жатыр. Сол үшін жастардың келешегіне балта шабатын парақорлықтан, оған қатысты құқықбұзушылықтан бойымызды аулақ ұстап, жарқын жолды таңдайық.

Б. ҚАБЫЛОВ,
Өрнек ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы. Жамбыл облысы.

ҚОСТАНАЙ ҚАЛАСЫНДА «RG BRANDS KAZAKHSTAN» ЖШС-НІҢ «КОСМИС» ФИЛИАЛЫ ӨТІНІМІ БОЙЫНША ЖАРИЯ ТЫҢДАУ ӨТЕДІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті «RG Brands Kazakhstan» ЖШС-нің «Космис» филиалы бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда, жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолды беру жөніндегі қызметтерге тариф жобасын талқылау бойынша жария тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жария тыңдау **2025 жылдың 6 мамырда сағат 11.00-де** Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Лермонтов көшесі 32/2, конференц зал мекенжайы бойынша өтеді.

Анықтама телефондары: 8 (7142) 54-11-52, 54-28-76.

В ГОРОДЕ КОСТАНАЙ ПРОЙДЕТ ПУБЛИЧНОЕ СЛУШАНИЕ ПО ЗАЯВКЕ ФИЛИАЛ «КОСМИС» ТОО «RG BRANDS KAZAKHSTAN»

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Костанайской области сообщает о проведении публичного слушания по обсуждению проекта тарифа Филиал «Космис» ТОО «RG Brands Kazakhstan» на услуги по предоставлению подъездного пути для проезда подвижного состава при условии отсутствия конкурентного подъездного пути.

Публичное слушание состоится **6 мая 2025 года в 11.00 часов** по адресу: Костанайская область, город Костанай, ул. Лермонтова 32/2, конференц зал.

Справки по телефонам: 8 (7142) 54-11-52, 54-28-76.

SALYQ TÁRTIBI
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ, saltar61@mail.ru
Газет 1996 жылы шаңырағын шаңырақ

БАС РЕДАКТОР
Ғалым ҚАСАБАЙ

МЕНШІК ИЕСІ: «САЛЫҚ ТӘРТІБІ» газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 20 желтоқсанда қайта тіркеліп, №17405-Г куәлігі берілген.
Индекс 65604

Мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасына сай келе бермеуі мүмкін. Қолжазбаға пікір айтылмайды және авторға қайтарылмайды.

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ТАРАЙДЫ

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
080003, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 «Б», тел.: 8 /7262/ 45-34-52, факс: 43-56-97
e-mail: saltar61@mail.ru
Электрондық сайтымыз: www.salyq-gazet.kz
Басылым аптасына 3 рет шығады.
Таралымы 17 357
Апталық таралымы 52 071

ГАЗЕТ «Қанатты қалам әлемі» ЖШС-нің баспаханасында теріліп, басылды
080003, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 «Б»

Тапсырыс 296